

МКҚК «Толағай» бөбекжайы

№ 1 Педагогикалық кеңес

(қыркүйек)

2024-2025жж Қызылөзен

Педагогикалық кеңес №1

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – білім беру жұмысын ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:

- жылдық мақсат пен міндеттерді;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
- перспективалық жұмыс жоспарлары;
- күн тәртібі кестесін бекіту

3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.

4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.

5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі

1. Бөбекжай директоры м.а Қ. Б. Тулееваның алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

Бөбекжай директоры м.а: Тулеева Қ.Б.

1.2 Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау. Үлгілік оқу баяндамасындағы өзгерістерді талқылау Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту. Кадрларды топтар бойынша бөлу. Ата-аналар жиналыстарының тақырыбын бекіту

Әдіскер: Джауметбаева Т.А.

2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.

3. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.

Әдіскер: Джауметбаева Т.А.

4. Психологиялық тренинг

Бөбекжай тәрбиешісі: Сатбалдиева.Г.Р

Әр түрлі мәселелер

Тындалды

1. Бөбекжай директоры м.а Тулеева Қ.Б. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

1.2 Бөбекжай әдіскері Джауметбаева Т. А. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы айтты. Перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті. Бөбекжай директоры м.а Тулеева Қ. Б. ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекітіп, әдіскер Джауметбаева Т.А. кестедегі өзгерістер туралы айтып, әр топтың тәрбиешілеріне, мамандарға таратып берді. Кадрларды топтар бойынша бөлу, ата-аналар жиналысының тақырыптары да талқыға салынып, бекітілді.

2. Тәрбиеші Рабилова А. Л мен Мурзагалиева М жаз бойы өткізілген іс шаралар жайында есеп берді.

3. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімі анықталып, бекітілді.

4. Бөбекжай Тәрбиешісі Сатбалдиева Г. Р. педагогтармен «Өс, өрле» атты тақырыпта психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты: педагогтарды шабыттандыру, бір-біріне сәттілік тілеу.

Бөбекжай директоры м.а Тулеева Қ. Б. сөз алып, әр түрлі мәселелер қозғады (ішкі тәртіп, сыйластық, т.б.)

Педагогикалық кеңес шешімін шығарды. Сұрақтар болған жоқ.

Қаулы:

1. Бекітілген күн тәртібі, жылдық жоспар, ҰІӨ-тер кестесі бойынша жұмыстар жасалсын.

2. Ата-аналар жиналысы бекітілген тақырыптар негізінде өткізілсін.

3. Бөбекжай ішіндегі тәртіп сақталсын..

Педкеңес төрайымы: Тулеева Қ.Б.
Хатшы: Сатбалдиева Г.Р.



